



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ _____

город Астана

**«Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінің қарамағындағы
республикалық мемлекеттік
мекемелердің жарғыларын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрінің 2023 жылғы
2 қазандағы № 389-НҚ бұйрығына
өзгерістер мен толықтыру енгізу
туралы**

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы
11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің
қарамағындағы республикалық мемлекеттік мекемелердің жарғыларын бекіту
туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің
міндетін атқарушының 2023 жылғы 2 қазандағы № 389-НҚ бұйрығына
мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымшада:

Жарғының 5-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Академияның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде: Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігінің «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер
академиясы» республикалық мемлекеттік мекемесі;»;

Жарғының 18-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Академия мынадай білім беру бағдарламалары топтарының тізбесін
іске асырады:

5) негізгі орта білім беру (мамандандырылған мектеп-интернат 7-9
сыныптар):

жалпы білім беру пәндері және бейіні бойынша арнайы пәндер: сурет,
кескіндеме мүсін, станокты композиция, сәндік-қолданбалы композиция;

2) техникалық және кәсіптік білім беру (колледж):

№	Білім беру бағдарламасы	Біліктілігі
1	02150500 Актерлік өнер	4S02150502 музыка театрының әртісі
2	02110300 Графикалық және мультимедиялық дизайн	4S02110304 графикалық дизайнер
3	02120100 Интерьер дизайн	4S02120103 интерьер дизайнері
4	02120200 Киім дизайны	4S02120203 киім дизайнері
5	02130100 Кескіндеме, мүсін және графика (түрлері бойынша)	4S02130101 суретші (станоктық графика, станоктық кескіндеме анимациялық графика) 4S02130103 суретші-мүсінші
6	02140100 Сәндік-қолданбалы өнер және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)	4S02140104 сәндік-қолданбалы өнер суретшісі (ағашты көркем өңдеу, металды көркем өңдеу, көркем тоқу)

3) жоғары білім беру (бакалавриат):

№	Білім беру бағдарламалары топтарының коды және атауы	Білім беру бағдарламасының шифрі	Білім беру бағдарламасының атауы
Бакалавриат			
1	B021 Орындаушылық өнер	6B02179	Дәстүрлі музыка өнері
2		6B02194	Эстрада өнері
3	B023 Режиссура, Арт-менеджмент	6B02106	Театр режиссурасы
4		6B02198	Арт-менеджмент, продюсерлеу
5		6B02191	Арт-менеджмент
6		6B02183	Режиссура анимациясы
7		6B02177	Телевизиялық және кино жобаларды продюсерлеу

8		6B0218 4	Режиссура
9	B024 Өнертану	6B0219 5	Өнертану
1 0	B027 Театр өнері	6B0219 2	Актерлік өнер
1 1	B028 Хореография	6B0216 5	Балетмейстерлік өнер
1 2		6B0217 8	Хореография педагогикасы
1 3	B029 Аудиовизуалды өнер және медиа өндіріс	6B0218 0	Медиажурналистика
1 4		6B0219 6	Медиа және гейм технология
1 5		6B0218 1	Операторлық өнер
1 6		6B0218 2	Аудиоөндіріс
1 7	B030 Бейнелеу өнері	6B0219 3	Сценография
1 8		6B0218 5	Кескіндеме
1 9		6B0218 7	Графика
2 0		6B0218 6	Мүсін
2 1		6B0218 8	Сәндік өнер
2 2	B031 Сән, Дизайн	6B0219 0	Дизайн
2 3		6B0219 7	Сән және костюм дизайны
2 4	B101 Дәстүрлі музыка өнері	6B0210 1	Дәстүрлі музыка өнері
2 5	B102 Эстрада өнері	6B0211 2	Эстрада өнері
2 6	B103 Кино және теледидар режиссурасы	6B0210 3	Режиссура

2 7	B104 Сахналық өнерлердің және цирк режиссурасы	6B0211 4	Театр режиссурасы
2 8	B105 Анимация режиссурасы	6B0211 5	Анимация режиссурасы
2 9	B106 Операторлық және фото өнері	6B0211 6	Операторлық өнер
3 0		6B0212 9	Фото өнер
3 1	B107 Медиаөнер және сандық технологиялар	6B0214 6	Медиажурналистика
3 2		6B0211 3	Медиа және гейм технология
3 3	B108 Сценография	6B0213 3	Сценография
3 4	B109 Сәндік өнері	6B0215 1	Сәндік өнер
3 5	B110 Фэшн дизайны	6B0210 0	Сән және костюм дизайны

4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура):

№	Білім беру бағдарламалары топтарының коды және атауы	Білім беру бағдарламасының шифрі	Білім беру бағдарламасының атауы
Магистратура			
1	M025 Дәстүрлі музыка өнері	7M021 79	Дәстүрлі музыка өнері (ғылыми-педагогикалық бағыт)
2		7M021 59	Дәстүрлі музыка өнері (бейіндік бағыт)
3	M028 Режиссура	7M021 84	Кино және ТВ режиссурасы (ғылыми-педагогикалық бағыт)
4		7M021 54	Кино және ТВ режиссурасы (бейіндік бағыт)
5	M029 Театр өнері	7M021 06	Театр режиссурасы (ғылыми-педагогикалық бағыт)
6		7M021 66	Театр режиссурасы (бейіндік бағыт)

7		7M021 92	Актерлік өнер (ғылыми-педагогикалық бағыт)
8		7M021 62	Актерлік өнер (бейіндік бағыт)
9	M030 Эстрада өнері	7M021 94	Эстрада өнері (ғылыми-педагогикалық бағыт)
10	M031 Хореография	7M021 97	Хореография (ғылыми-педагогикалық бағыт)
11	M032 Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс	7M021 81	Операторлық өнер (ғылыми-педагогикалық бағыт)
12		7M021 82	Аудиоөндіріс (ғылыми-педагогикалық бағыт)
13		7M021 83	Медиаөнер (ғылыми-педагогикалық бағыт)
14	M033 Бейнелеу өнері	7M021 85	Кескіндеме (ғылыми-педагогикалық бағыт)
15		7M021 75	Кескіндеме (бейіндік бағыт)
16		7M021 86	Мүсін (ғылыми-педагогикалық бағыт)
17		7M021 76	Мүсін (бейіндік бағыт)
18		7M021 87	Графика (ғылыми-педагогикалық бағыт)
19		7M021 67	Графика (бейіндік бағыт)
20		7M021 88	Сәндік өнер (ғылыми-педагогикалық бағыт)
21		7M021 58	Сәндік өнер (бейіндік бағыт)
22		7M021 93	Сценография (ғылыми-педагогикалық бағыт)
23		7M021 63	Сценография (бейіндік бағыт)
24	M034 Өнертану	7M021 95	Өнертану (ғылыми-педагогикалық бағыт)
25		7M021 55	Өнертану (бейіндік бағыт)
26		7M021 45	Өнертану (қосдиплом) (ғылыми-педагогикалық бағыт)

27	M035 Сән, дизайн	7M021 89	Сән және костюм дизайны (ғылыми-педагогикалық бағыт)
28		7M021 69	Сән және костюм дизайны (бейіндік бағыт)
29		7M021 90	Дизайн (ғылыми-педагогикалық бағыт)
30		7M021 56	Дизайн (бейіндік бағыт)
31	M037 Арт-менеджмент	7M021 91	Арт-менеджмент (ғылыми-педагогикалық бағыт)
32		7M021 61	Арт-менеджмент (бейіндік бағыт)

5) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (докторантура):

№	Білім беру бағдарламалары топтарының коды және атауы	Білім беру бағдарламасының шифрі	Білім беру бағдарламасының атауы
Докторантура			
1	D028 Режиссура	8D02184	Кино және ТВ режиссурасы
2	D029 Театр өнері	8D02109	Театр режиссурасы
3		8D02192	Актерлік өнер
4		8D02193	Сценография
5	D030 Эстрада өнері	8D02194	Эстрада өнері
6	D031 Хореография	8D02197	Хореография
7	D033 Бейнелеу өнері	8D02102	Кескіндеме
8		8D02103	Мүсін
9		8D02108	Сәндік өнер
10	D034 Өнертану	8D02195	Өнертану

»;

Жарғының 28-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша адамдарды қабылдау конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсу кезінде «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында айқындалған адамдарды қабылдау квотасы көзделеді.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім беру бағдарламасына талапкерлерге қойылатын бекітілген талаптарға сәйкес жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар адамдар қабылданады.

Республикалық бюджет қаражаты есебінен жоғары білім берудің мемлекеттік білім беру тапсырысын алуға арналған конкурсқа қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін адамдарды қабылдау ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) сертификатының балдарына және шығармашылық емтихандардың нәтижелеріне сәйкес конкурстық негізде өтініштер бойынша жүзеге асырылады.

Оқуға қабылданғаннан кейін білім алушымен және (немесе) оның ата-анасымен не өзге де заңды өкілдерімен мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде және ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады.»;

Жарғының 29-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге, оның ішінде нысаналы даярлау бойынша адамдарды қабылдау магистратураға — кешенді тестілеу және түсу (шығармашылық) емтихандарының нәтижелері бойынша, докторантураға — түсу емтихандарының нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган белгілейтін мерзімдерде жыл сайын өткізіледі.

Оқуға қабылданғаннан кейін студентпен және (немесе) оның ата-анасымен немесе басқа заңды өкілдерімен мемлекеттік тапсырыс негізінде және (немесе) ақылы түрде білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалады.»;

Жарғының 60-тармағының 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 6 мамырдағы № 219 бұйрығымен бекітілген Республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен ұсталатын, өткізуден түсетін ақшасы өзінің иелігінде қалатын мемлекеттік мекемелер тауарларының (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) тізбесі сыныптауышында көзделген көрсетілетін қызметтердің өзге де түрлерін.»;

Жарғының 72-тармағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) проректорларға және басқа жұмыскерлерге демалыс беру туралы шешімдер қабылдайды және бұйрықтар шығарады.»;

Жарғының 74-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«74. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 157 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35921 болып тіркелген) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының алқалы

басқару органдары жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және ректор бекіткен ережелер негізінде әрекет ететін Ғылыми кеңес пен Оқу-әдістемелік кеңес Академияның алқалы басқару органдары болып табылады.

Академияда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен диссертациялық жұмыстарды қорғауды жүзеге асыру және философия докторы (PhD) және бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежелерін алу үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы жанындағы арнайы алқалы орган болып табылатын диссертациялық кеңес жұмыс істейді.

Диссертациялық кеңес Дәрежелер беру қағидаларының қолданыстағы талаптарын және Қазақстан Республикасының диссертациялық жұмыстарды дайындау, сараптау, қорғау және ғылыми дәрежелер беру тәртібін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерді ескере отырып ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган бекіткен Диссертациялық кеңес туралы үлгілік ереже негізінде құрылады және жұмыс істейді.

Диссертациялық кеңесті ұйымдастыру және қалыптастыру тәртібі, сондай-ақ оның құзыреті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Академияның ішкі нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.».

2. Академия ректоры А.А. Жүдебаев осы бұйрықтан туындайтын шараларды заңнамада белгіленген тәртіппен қабылдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы Премьер
-Министрінің орынбасары-Мәдениет
және ақпарат министрі**

А. Балаева

Согласовано

27.02.2026 17:15 Курсанова Айжан Сакеновна

Подписано

03.03.2026 17:24 Балаева Аида Галымовна



Министерство культуры и информации Республики Казахстан - Каримов Е. Е.